

"Ақтөбе облысының су объектілерінде ортақ су пайдаланудың Қағидасы туралы" облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 27 шілдедегі № 45 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 291 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 сәуірде № 4311 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 351 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 351 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінің 38-бабының 1) тармақшасына, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексінің 364-бабына және " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-2-тармағына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Ақтөбе облысының су объектілерінде ортақ су пайдаланудың Қағидасы туралы" облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 27 шілдедегі № 45 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3407 тіркелген , 2012 жылғы 21 және 23 тамызда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің кіріспесінде және Қағиданың 1-тармағында, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 3-бабының 2-тармағына және 281-1-бабына" сөздері "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексінің 364-бабына" сөздерімен ауыстырылсын.

22-тармақта "2001 жылғы 30 қаңтардағы" сөздері алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың сессия төрағасы
Облыстық мәслихаттың хатшысы*

*Ғ. ЛАТЫПОВ
С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА*

